

"Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сottалған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандығы № 29 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 197 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 қазанда № 29968 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сottалған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандығы № 29 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алынған, күзетпен ұсталатын және сottалған адамдардың дактилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандығы № 29 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Қағаз тасымалдағыштағы талаптар бес жұмыс күні ішінде орындалады. Электрондық талаптар үш жұмыс күні ішінде, ал қосымша тексеру жүргізу қажет еткен жағдайда, бес жұмыс күні ішінде орындалады.

Жергілікті әскери басқару органдарының талаптары, мемлекеттік ақпараттық жүйелер арасында өзара іс-қимыл болмаған кезде үш жұмыс күні ішінде орындалады.

Талаптардың Комитетке және оның аумақтық органдарына келіп түскен күні оны орындаудың мерзіміне кірмейді.

Егер электрондық талаптарды өндөу барысында қабылданған процестік шешім туралы мәліметтерді нақтылау қажет болған жағдайда, тиісті мемлекеттік органдарға немесе мекемелерге қосымша сұрау салуларды жолдай отырып, сұрау салудың бастамашысына он жұмыс күні ішінде қосымша тексеру іс-шараларын жүргізу туралы жауап жіберіледі.".

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрықтың көшірмесін мүдделі мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астана және оларға теңестірілген прокурорларына, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына мәлімет үшін жіберуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры

Б. Асылов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сот әкімшілігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Корғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сыбайлас жемқорлыққа карсы
іс-қимыл агенттігі
(Сыбайлас жемқорлыққа
карсы қызмет)

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК